# Жаратылыстың басталуы






ЖАРАТЫЛЫСТЫН БАСТАЛУЫ 1:1-2


СОНЫМЕН ҚҰДАЙ БЫЛАЙ ДЕДІ: "БҰЛ ЖЕРДЕ ЖАРЫҚ БОЛСЫН!", СОЛ СӘТТЕ ЖАРЫҚ ПАЙДА БОЛДЫ.
ҚҰДАЙ ЖАРЫҚТЫН ЖАҚСЫ БОЛҒАНЫН КӨРЕДІ ДЕ, ҚАРА ТҮНЕКТЕН БӨЛЕДІ.
ҚҰДАЙ ЖАРЫҚТЫ "КҮН" ДЕП, ТҮНЕКТІ "ТҮН" ДЕП АТАДЫ. КЕШ ТҮСІП ТАҢ АТТЫ; БҰЛ БІРІНШІ КҮН ЕДІ.
ҚҰДАЙ БЫЛАЙ ДЕДІ: " СУДЫ ОРТАСЫНАН БӨЛІП ТҰРАТЫН АУА КЕҢІСТІГІ ПАЙДА БОЛСЫН!"
" ОСЫЛАЙ ОЛ ӘУЕ КЕҢІСТІГІН ЖАСАП,СОНЫҢ АСТЫНДАҒЫ ҮСТІНДЕГІ СУДАН БӨЛДІ. СОЛАЙ БОЛДЫ ДА. ӘУЕ КЕҢІСТІГІН "АСПАН" ДЕП АТАДЫ.


КЕШ ТҮСІП ТАҢ АТТЫ; БҰЛ ЕКІНШІ КҮН ЕДІ.


СОДАН СОҢ ҚҰДАЙ: "АСПАН АСТЫНДАҒЫ СУ БІР ЖЕРГЕ ЖИНАЛЫП, ҚҰРЛЫҚ КӨРІНІП ТҰРАТЫН БОЛСЫН!" ДЕДІ.
СОЛАЙ БОЛДЫ ДА. ҚҰДАЙ ҚҰРЛЫҚТЫ ЖЕР, АЛ ЖИНАЛҒАН СУДЫ ТЕҢІЗДЕР ДЕП АТАДЫ.
ОЛ ЖАСАҒАНЫНА ҚАРАП, ЖАҚСЫ ЕКЕНІҢ КӨРДІ.
. СОДАН СОҢ ҚҰДАЙ БЫЛАЙ ДЕДІ: "ЖЕР ЖАСЫЛ ӨСІМДІКТЕРДІ:ТҰҚЫМ ШАШАТЫН ЖӘНЕ ЖЕМІС БЕРЕТІН ӨСІМДІКТЕР МЕН АҒАШТАРДЫ ӨСІРІП ШЫҒАРСЫН!" -ДЕП БҰЙЫРДЫ. СОЛАЙ БОЛДЫ ДА.


. ЖЕР ЖАСЫЛ ӨСІМДІКТЕРДІ: ТҮРЛЕРІНЕ ҚАРАЙ ТҰҚЫМ ШАШАТЫН ӨСІМДІКТЕРДІ ӘРІ ДӘНЕГІ БАР ЖЕМІС БЕРЕТІН АҒАШТАРДЫ ӨСІРІП ШЫҒАРДЫ.
ҚҰДАЙ ЖАСАҒАНДАРЫНА ҚАРАП, ЖАҚСЫ ЕКЕНІҢ КӨРДІ.
ТАҒЫДА КЕШ ТҮСІП ТАҢ АТТЫ: БҰЛ ҮШІНШІ КҮН ЕДІ.
ЖАРАТЫЛЫСТЫН БАСТАЛУЫ 1:9-13


ҚҰДАЙ ТӨРТІНШІ КҮНІ БҮКІЛ ҒАЛАМШАРДЫ, КҮНДІ, АЙДЫ ЖӘНЕ ЖҰЛДЫЗДЫРДЫ ЖАРАТТЫ.
СОНАН СОҢ ҚҰДАЙ: "АСПАН КЕҢІСТІГІНДЕ ШЫРАҚТАР ПАЙДА БОЛСЫН ! ОЛАР КҮНДІЗ БЕН ТҮНДІ БІР-БІРІНЕН АЖЫРАТЫП, АРНАЙЫ МЕЗГІЛДЕРДІ, КҮНДЕР МЕН ЖЫЛДАРДЫ БЕЛГІЛЕП, ЖЕРГЕ НҰРЫН ШАШУ ҮШІН АСПАН КЕҢІСТІГІНДЕ ЖАРҚЫРАЙТЫН БОЛСЫН!"
СОЛАЙ БОЛДЫ ДА. ҚҰДАЙ ҮЛКЕНІРЕГІ КҮНДІЗГЕ, КІШІРЕГІ ТҮНГЕ БИЛІК ЖҮРГІЗЕТІН ЖАРҚЫРАҒАН ЕКІ ҮЛКЕН АСПАН ШЫРАҒЫН ӘРІ ЖҰЛДЫЗДАРДЫ ЖАРАТТЫ.




ЖАРАТЫЛЫСТЫН БАСТАЛУЫ 1:14-19


ЖАРАТЫЛЫСТЫҢ БЕСІНШІ КҮНІНДЕ ҚҰДАЙ ТЕҢІЗДЕРДІ ТІРІ ЖАНДАРҒА ТОЛТЫРДЫ.
СОНАН СОҢ ҚҰДАЙ: " ТЕҢІЗДЕР, КӨЛДЕР ЖӘНЕ ӨЗЕНДЕР СУ ЖӘНДІКТЕРІНЕ ТОЛСЫН, ӘРІ АСПАНДАҒЫ КЕҢІСТІГІНЕ ҚҰСТАР ҰШЫП ЖҮРСІН!" - ДЕП БҰЙЫРДЫ.
. ОСЫЛАЙ ҚҰДАЙ СУДЫ МЕКЕНДЕЙТІН ЖАНУАРЛАРДЫ. СУДЫ ҚАПТАП ЖҮРГЕН ТІРІ ЖАНДАР МЕН ЖӘНДІКТЕРДІ БАРЛЫҚ ТҮРІН, СОНЫМЕН БІРГЕ ҚҰСТАРДЫ ТҮР-ТҮРІМЕН ЖАРАТТЫ.




ЖАРАТЫЛЫСТЫН БАСТАЛУЫ 1:20-2


ЖАРАТЫЛЫСТЫҢ АЛТЫНШЫ КҮНІНДЕ ҚҰДАЙ ЖАНУАРЛАРДЫ ЖАРАТТЫ.
СОДАН КЕЙІН ҚҰДАЙ: " ЖЕР ӘР ҚИЛЫ ТІРШІЛІК ИЕЛЕРІН: МАЛДАР, БАУЫРЫМЕН ЖОРҒАЛАУШЫЛАР ЖӘНЕ АҢДАРДЫ ТҮР-ТҮРІМЕН ШЫҒАРСЫН!" -ДЕП БҰЙЫРДЫ.


СОЛАЙ БОЛДЫ ДА.
ҚҰДАЙ ӘР ҚИЛЫ АҢДАР МЕН МАЛДАРДЫ, БАУЫРЫМЕН ЖОРҒАЛАУШЫЛАРДЫ ТҮР-ТҮРІМЕН ЖАРАТТЫ.
ҚҰДАЙ ЖАСАҒАНДАРЫНА ҚАРАП, ЖАҚСЫ ЕКЕНІҢ КӨРДІ.
ЖАРАТЫЛЫСТЫН БАСТАЛУЫ 1:24-


ЖАРАТЫЛЫСТЫҢ АЛТЫНШЫ КҮНІНДЕ, ҚҰДАЙ ЖЕР ТОПЫРАҒЫНАН ЖАҢА ЖАРАТЫЛЫС ЖАРАТТЫ.
ҚҰДАЙ ТОПЫРАҚТАН ЖАРАТЫЛҒАН ДЕНЕГЕ ӨЗ ЛЕБІН ҮРЛЕДІ. СОЛ СӘТТЕ АДАМ ТІРІ ЖАН БОЛДЫ. АДАМ ҚҰДАЙҒА ҰҚСАС БОЛЫП ЖАРАТЫЛДЫ. ЖАНУАРЛАРДАН ДА ЖОҒАРЫ БОЛДЫ.
ҚҰДАЙ ЖАҢА ЖАРАТЫЛЫСЫН ЕРКЕК ҚЫЛЫП ЖАРАТЫП, ЕСІМІҢ АДАМ ДЕП ҚОЙДЫ.
ҚҰДАЙ ӨЗІНІҢ ЖАРАТҚАНДАРЫНЫҢ БӘРІНЕ ҚАРАП: "ӨТЕ ЖАҚСЫ!" ДЕП АЙТТЫ.


СӨЙТІП ҚҰДАЙ ТАҒАЛА, ПЕЙІШ БАҒЫН ШЫҒЫСТА, ЯҒНИ ЕДЕМДЕ ОРНАЛАСТЫРАДЫ.
ОЛ ЖЕРГЕ ӨЗІ ЖАРАТҚАН АДАМДЫ ОРНАЛАСТЫРАДЫ.
БАҚТАҒЫ АҒАШТАР КӨЗГЕ ТАРТЫМДЫ ЖӘНЕ ЖЕУГЕ ЖАРАМДЫ ЖӘНЕ ЖАҚСЫ БОЛАТЫН.
ЖЕР АСТЫНАН СУ ШЫҒЫП, АҒАШТАРДЫ СУЛАНДЫРУ ҮШІН БАҚТАН ӨЗЕН АҒЫП ШЫҒЫП ЖАТТЫ.
БҰЛ БАҚТЫ ҚҰДАЙ ӨЗІ ЖАРАТҚАНМЕН, АДАМҒА ОЛ БАҚТА ЖҰМЫС ІСТЕП, ОНЫБАҒЫП-КҮТУДІ БҰЙЫРҒАН.


. БАҚТЫҢ ОРТАСЫНДА ЕКІ АҒАШ ӨСІП ТҰРАТЫН. ОЛ АҒАШТАРДЫҢ БІРІ- МӘҢГІЛІК АҒАШЫ БОЛАТЫН. ОЛ МӘҢГІЛІК ӨМІРДІ СЫЙЛАЙТЫН АҒАШ БОЛДЫ. АЛ ЕКІНШІ АҒАШ ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕ ЖАМАНДЫҚТЫ ТАНЫТАТЫН БОЛАТЫН.
. ҚҰДАЙ АДАМҒА КЕЗ-КЕЛГЕН АҒАШ ЖЕМІСТЕРІН ЖЕУГЕ БОЛАТЫНЫҢ СӨЙЛЕДІ. БІРАҚ БІР ҚАТАЛ ЕСКЕРТУ БЕРДІ.


"СЕНДЕР ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕ ЖАМАНДЫҚТЫ ТАНЫТАТЫН АҒАШЫНАН ЖЕМІСТЕРДІ ЖЕМЕҢДЕР. ӨЙТКЕНІ ОНЫ ЖЕСЕҢДЕР, СОЛ КҮНІ ӨЛЕСІҢДЕР!"- ДЕДІ.
ЖАРАТЫЛЫСТЫН БАСТАЛУЫ 2:9, 16-17


ҚҰДАЙ ӘЛЕМДЕГІ БАР ЖАНУАРЛАРДЫ ЖӘНЕ ҚҰСТАРДЫ ЖАРАТТЫ.
ҚҰДАЙ ОЛАРДЫҢ АТТАРЫН ҚОЙСЫН ДЕП АДАМНЫҢ ЖАНЫҢА АЛЫП КЕЛЕДІ.


ӘР КҮНДЕ АДАМ ҚҰДАЙМЕН ТЫҒЫЗ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА БОЛУ МҮМКІНДІГІ БОЛДЫ. ОЛ ҚҰДАЙМЕН ДОС БОЛУДАН ЛӘЗЗАТ АЛДЫ.
ҚҰДАЙ АДАМНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕГІ МҰҢДЫ КӨРДІ ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗДЫҒЫ ЖАҚСЫЛЫҚҚА ӘКЕЛМЕЙТІНІҢ БІЛДІ.
СОДАН СОҢ ҚҰДАЙ ӨЗІНІҢ ЖАРАТЫЛЫС ЖОСПАРЫНДАҒЫ КЕРЕМЕТ БІР ҚАДАМ ЖАСАДЫ.
ҚҰДАЙ АДАМДЫ ҚАТТЫ ҰЙҚЫМЕН ҰЙЫҚТАТЫП ТАСТАДЫ ДА, ОНЫҢ БІР ҚАБЫРҒАСЫН АЛАДЫ.
АДАМНЫҢ ҚАБЫРҒАСЫНАН ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ БІРІНШІ ӘЙЕЛДІ МҮСІНДЕП ШЫҒАРДЫ.


ОНЫ АДАМҒА АЛЫП КЕЛДІ.
ОЛ АДАМДЫ БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙДА КІРШІКСІЗ, ТАЗА БЕЙНЕДЕ ТОЛЫҒЫМЕН ТОЛЫҚТЫРЫП ТҰРАДЫ.
АДАМ ӨЗІНІҢ АЙДАЙ СҰЛУ ӘЙЕЛІН ХАУА АНА ДЕП ҚОЯДЫ.


ҚҰДАЙ ХАУА АНАНЫ АДАМНЫҢ ЖАНЫНА АЛЫП КЕЛЕДІ. СӨЙТІП ҚҰДАЙ ЕҢ БІРІНШІ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫН ЖАСАДЫ.
АДАМ ӘЙЕЛДІҢ СҰЛУЛЫҒЫНА ЖӘНЕ ҚҰДАЙДЫҢ ОҒАН БЕРГЕН КЕРЕМЕТ СЫЙЛЫҒЫНА ТАҢ ҚАЛДЫ.


ШАЙТАН, АЗҒЫН ПЕРІШТЕ, ЕНДІ ҚҰДАЙДЫҢ КЕРЕМЕТ ЖОСПАРЫҢ БҰЗҒЫСЫ КЕЛДІ.
. ОЛ ҚОЛАЙЛЫ СӘТТІ КҮТІП, ҚҰДАЙДЫҢ КЕРЕМЕТ ЖАРАТЫЛЫСЫН ҚҰРТЫП ЖІБЕРГІСІ КЕЛДІ.
СӨЙТІП ОЛ ЖЫЛАН КЕЙПІНДЕ БАҚ ІШІНЕ КІРІП, ХАУА АНАМЕН СӨЙЛЕСЕ БАСТАДЫ.
ОЛ БІРІНШІДЕН ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗДЕРІНЕ КҮМӘН КЕЛТІРУГЕ ТЫРЫСТЫ.
ҚҰДАЙ СЕНДЕРГЕ БАҚШАДАҒЫ ЖЕМІСТІҢ ЕШҚАЙСЫСЫН ЖЕУГЕ БОЛМАЙТЫНЫН ШЫНМЕН АЙТТЫ МА?
ХАУА АНА ҚҰДАЙДЫҢ АЙТҚАН БАРЛЫҚ СӨЗДЕРІН БІЛДІ ЖӘНЕ ЖЫЛАНҒА АЙТЫП БЕРДІ.
’ БАҚТЫҢ КЕЗ-КЕЛГЕН АҒАШ ЖЕМІСІҢ ЖЕУГЕ БОЛАТЫНЫҢ ҚҰДАЙ БІЗГЕ СӨЙЛЕГЕН. БІРАҚ БАҚТЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ АҒАШТЫҢ ЖЕМІСТЕРІНЕ ҚОЛМЕН ТИГІЗУГЕ ТИЫМ САЛҒАН. ОНЫ ЖЕП ҚОЙСАҚ, ОНДА БІЗ ӨЛЕМІЗ.


СОСЫН ШАЙТАН ХАУА АНАНЫ ӨТІРІККЕ ТОЛТЫРЫП, ҚҰДАЙДЫҢ МЕЙІРІМДІЛІГІ МЕН МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА КҮМӘН КЕЛТІРУГЕ ТЫРЫСТЫ.
СЕН ӨЛМЕЙСІҢ!
ӨЙТКЕНІ ҚҰДАЙ БІЛЕДІ: СЕН БҰЛ ЖЕМІСТЕН ЖЕСЕҢ, КӨЗДЕРІҢ АШЫЛАДЫ. НЕНІҢ ЖАҚСЫ, НЕНІҢ ЖАМАН ЕКЕНІҢ АЙЫРА АЛЫП, ҚҰДАЙ СИЯҚТЫ БОЛАСЫНДАР!
БҰЛ ЖЕМІСТЕР ЖЕУГЕ ЖАРАМДЫ ӘРІ ӘДЕМІ.
ЖӘНЕ ДЕ МЕН ДАНАЛЫҚҚА ДА ҚОЛЫМДЫ ЖЕТКІЗЕ АЛАМЫН.
КӨРДІҢ БЕ? МЕН ӨЛГЕН ЖОҚПЫН. СЕНДЕ КІШКЕНЕ ЖЕП КӨР. СЕНДЕ СОЛАЙ ДАНА БОЛЫП КЕТЕ АЛАСЫҢ.




ЖАРАТЫЛЫСТЫН БАСТАЛУЫ 3: 6-8


СЕН ҚАЙДАСЫҢ?
СЕНІҢ БАҚТА ЖҮРГЕНІҢДЕ ЕСТІП, ҚОРҚЫП КЕТТІМ. СЕБЕБІ МЕН ЖАЛАҢАШПЫН, СОНДЫҚТАН ЖАСЫРЫНЫП ҚАЛДЫМ.
САҒАН ЖАЛАҢАШСЫН ДЕП КІМ АЙТТЫ?
СЕН МЕН ЖЕУГЕ ТЫЙЫМ САЛҒАН АҒАШТЫН ЖЕМІСІНЕН ЖЕДІҢ БЕ?
ҚАСЫМА ӨЗІҢ БЕРГЕН ӘЙЕЛ МАҒАН СОЛ АҒАШТЫҢ ЖЕМІСІНЕН БЕРДІ, СОДАН МЕН ЖЕДІМ.
СЕНІҢ БҰЛАЙ ІСТЕГЕНІҢ НЕ?
. МАҒАН ЖЫЛАН ӨТІРІК АЙТТЫ. МЕН ЕШҚАШАН ӨЛМЕЙТІНІМДІ, СЕН СИЯҚТЫ БОЛА АЛАТЫНЫМДЫ ДА СӨЙЛЕДІ.
ОЛ МАҒАН ЖАЛҒАН СӨЙЛЕДІ.
ОСЫЛАЙ ІСТЕГЕНІҢ ҮШІН БАРЛЫҚ МАЛДАР МЕН АҢДАРДЫҢ ІШІНДЕГІ СЕНІ ҚАРҒЫС АТҚАН. ӨМІР БАҚИ ЖЕР БАУЫРЛАП, ТОПЫРАҚ ЖЕП ӨТ.
ӘЙЕЛ ЕКЕУІҢДІ ӨШТЕСТІРІП ҚОЯМЫН.
СЕНІҢ ҰРПАҒЫҢМЕН ОНЫҢ ҰРПАҒЫН АРАСЫНДА ӨЗАРА ӨШТІК БОЛАДЫ.
ӘЙЕЛ ҰРПАҒЫ БАСЫҢДЫ МЫЖЫП, АЛ СЕН ОНЫҢ ӨКШЕСІН ШАҒАТЫН БОЛАСЫН
ҚҰДАЙ ШАЙТАНДЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БҮКІЛ ПЕРІШТЕРІН ЖОЙЫП ЖІБЕРУШІ ЕДІ, БІРАҚ АДАМДАРДЫ СЫНАУ ҮШІН ОЛАРДЫҢ ӨМІР СҮРУІНЕ РҰҚСАТ БЕРДІ. БҰЛ ШАЙҚАСТА КІМ ҚҰДАЙДЫҢ СОҢЫНАН ЕРЕДІ, КІМ ШАЙТАННЫҢ СОҢЫНАН ЕРЕТІНІҢ КӨРГІСІ КЕЛДІ.
. ТУРА ОСЫ ЖЕРДЕ ҚҰДАЙ КЕЛЕШЕК ШАЙҚАСТЫ УӘДЕ ЕТЕДІ. ӘЙЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ ШАЙТАНДЫ ЖЕҢІП, АДАМЗАТТЫ КҮНӘ МЕН ӨЛІМНЕН АЗАТ ЕТЕТІН БОЛАДЫ.










ЖАРАТЫЛЫСТЫН БАСТАЛУЫ 3: 16-22


СОНЫМЕН ҚҰДАЙ ОЛАРДЫ ПЕЙІШ БАҒЫНАН ҚУЫП ШЫҚТЫ.
ОЛАРДЫҢ ӨМІР БАҚИ КҮНӘДА ӨМІР СҮРУЛЕРІН ҚАЛАМАДЫ.
ОЛАРДЫ ҚУЫП ШЫҚҚАННАН КЕЙІН, МӘҢГІЛІК ӨМІРДІ СЫЙЛАЙТЫН АҒАШҚА АПАРАТЫН ЖОЛДЫ КҮЗЕТУ ҮШІН ПЕЙІШ БАҒЫНЫҢ АЛДЫНА ОТ ШАШЫП, ӘРІ-БЕРІ ҚОЗҒАЛЫП ЖАРҚЫЛДАП ТҰРҒАН БІР СЕМСЕРЛІ ПЕРІШТЕНІ ҚОЯДЫ.


ҚҰДАЙҒА БАҒЫНБАУШЫЛЫҚ БІРІНШІ АУЫРТПАЛЫҚ САЛДАРҒА ӘКЕЛДІ.
ЖАРАТЫЛЫСТЫН БАСТАЛУЫ 3: 23-2


ӨЗДЕРІНІҢ БІРІНШІ ҮЙЛЕРІНДЕ, БАҚТАН ҰЗАҚ ХАУА АНА ӨЗІНІҢ ТҰҢҒЫШТАРЫН ҚАБЫЛДЫ ДҮНИЕГЕ АЛЫП КЕЛЕДІ.
КЕЙІН ЕКІНШІ ҰЛДАРЫ ӘБІЛ ДЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛЕДІ.
АДАМ МЕН ХАУА АНА ҚҰДАЙДЫҢ БІРІНШІ ГЕНЕТИКАСЫ КЕМЕЛ ЖАРАТЫЛЫСЫ БОЛҒАНДЫҚТАН, ОЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫ КӨП ӨМІР СҮРІПТІ. БІРНЕШЕ ҒАСЫРҒА ДЕЙІН.
ЕҢ БАСЫНДА ЖАНҰЯ МҮШЕЛЕРІ ЖАҚЫН ТУЫСТАРҒА ҮЙЛЕНЕТІН. ОЛ КЕЗДЕ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТҮРДЕ ӨЗГЕРІСТЕР ТУЫНДАМАЙТЫН.
КЕЙІН МҰСА УАҚЫТЫНДА ТУЫСТАРҒА ҮЙЛЕНУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН.
ЖЕРДІ ТОПАНСУ БАСПАЙ ТҰРЫП, ЖЕР ҚАБАТЫ СУ ЖАМЫЛҒЫСЫНАН ТҰРДЫ. МҮМКІН ОЛАР УЛЬТРАКҮЛГІН СӘЛЕЛЕРДЕН АДАМДАРДЫ ҚОРҒАДЫ. СӨЙТІП ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ АУАСЫ ҚАЗІРГІДЕН ТАЗА БОЛДЫ.
АДАМДАР КӨП ЖЫЛ ӨМІР СҮРГЕНДІКТЕН АДАМ САНЫ ТЕЗ АРАДА КӨБЕЙДІ.



. ҚАБЫЛ МЕН ӘБІЛ ӨСЕ КЕЛЕ, ҚАБЫЛ ЖЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІ ЖАҚСЫ КӨРЕТІҢІН ТҮСІНДІ.
АЛ ӘБІЛ ШОПАН БОЛҒАНДЫ ҰНАТАТЫН!
КҮНӘНІҢ ҚАНШАЛЫҚТЫ АУЫР БОЛҒАНЫҢ ҰМЫТПАУ ҮШІН, ҚҰДАЙ ЖҰБАЙЛАРҒА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫНА ҚҰРБАНДЫҚ ҚАЛАЙ ШАЛЫНАТЫНЫҢ ҮЙРЕТТІ.
ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҚПЕН ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҚПЕН АЙНАЛЫСУ ҚҰРМЕТТІ ІС БОЛСА ДА, ҚАБЫЛ ДА, ӘБІЛДА ӨЗ ҚҰРБАНДЫҚТАРЫН ӘР ТҮРЛІ ЖОЛМЕН ӘКЕЛЕТІН.
ӘБІЛДІҢ ҚҰРБАНДЫҒЫ МАЛДАРДЫҢ ІШІНДЕ ТҰҢҒЫШЫНАН БОЛАТЫН. ЕҢ ЖАҚСЫСЫН ТАҢДАП, ЖҮРЕГІНДЕГІ ТАЗА НИЕТПЕН БЕРЕТІН.
ЖӘНЕ ДЕ БҰЛ ҚҰРБАНДЫҚТАР ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕКТІГІН ОЛАРҒА ҚҰДАЙ ҮЙРЕТЕТІН. МІНДЕТТІ ТҮРДЕ МАЛДЫҢ ҚАНЫ ТӨГІЛУІ КЕРЕК.
АЛ ҚАБЫЛ ӨЗІНІҢ ҚАЛАҒАНЫҢ ӘКЕЛДІ. ӨЗІНІҢ ОРЫП АЛҒАН ЕГІННІҢ БІР БӨЛІГІН ҚҰРБАНДЫҚҚА АЛЫП КЕЛЕДІ. БІРАҚ ОЛ ҚҰДАЙДЫҢ ҮЙРЕТКЕНІНДЕЙ БОЛМАДЫ.
. СОНДЫҚТАН ҚҰДАЙ ӘБІЛДІҢ ҚҰРБАНДЫҒЫН ҚАБЫЛДАДЫ, БІРАҚ ҚАБЫЛДІКІНЕН БАС ТАРТАДЫ.


СЕН НЕГЕ АШУЛЫСЫН?
НЕЛІКЕН ҚАБАҒЫҢДЫ ТҮЙІП ОТЫРСЫН?
ЕГЕР ІСТЕГЕНІҢ ДҰРЫС БОЛСА, ОНДА СЕНІ ҚАБЫЛДАР ЕДІМ.
АЛ ІСТЕГЕНІҢ ДҰРЫС БОЛМАСА, ОНДА БОСАҒАНДЫ КҮНӘНІҢ ЖАҒАЛАҒАНЫ
КҮНӘ СЕНІ ИЕМДЕНУГЕ ҚҰШТАР, БІРАҚ СЕН ОҒАН ЖОЛ БЕРМЕУІҢ КЕРЕК
БІРАҚ ҚАБЫЛ ҚҰДАЙДЫҢ ТІЛІН АЛМАУҒА ТАҢДАДЫ.
ІНІМ, ҚАРАШЫ ҚҰДАЙ МЕНІҢ ЖАҢА ЕГІНІМДІ ҚАЛАЙ ЖАРЫЛҚАДЫ.
АҒА, БІРАҚ БҰЛ....
ТАРС




ЖАРАТЫЛЫСТЫН БАСТАЛУЫ 4:9-16






ЖАРАТЫЛЫСТЫН БАСТАЛУЫ 4:17-22, 5:24










ЖАРАТЫЛЫСТЫН БАСТАЛУЫ 4:25, 6:1


БІРАҚ ҚОҒАМНЫҢ КӨПШІЛІГІНІҢ ЖҮРЕКТЕРІ ҚАТЫГЕЗ БОЛЫП, БҰЗЫЛЫП КЕТКЕН.
ЕҢБЕК ЕТУ ҮШІН ТЕМІРДЕН ЖАСАЛҒАН ЖАБДЫҚТАРДЫ, КІСІ ӨЛТІРУ ҚҰРАЛДАРЫН ЖАСАП ШЫҒАРДЫ.
ӘР БІР ОЙЛАРЫ КҮНӘҒА ТОЛЫ БОЛДЫ. ОЛАРДЫН АРАСЫНДА ӘДІЛ АДАМ ТАБЫЛМАДЫ.
ӨЗІНІҢ ТУҒАН ТУЫСТАРЫН ҚҰЛ ҚЫЛДЫ.
АДАМ БІРАҚ КҮНӘ ЖАСАСА, ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ КӨП КҮНӘ ЖАСАДЫ.
ҚҰДАЙ АДАМЗАТТЫ ЖАРАТҚАНЫ ҮШІН ӨКІНДІ ЖӘНЕ ЖҮРЕГІ ҚАНЖЫЛАДЫ.
КИЕЛІ ДЕ КІРШІКСІЗ ҚҰДАЙ АДАМДАРДЫН АЗҒЫНДЫҒЫНА ҚАТТЫ ҚАЙҒЫРДЫ.
ОЛ БҰЛ ЖЕР-ЖҮЗІН, ЖАНУАРЛАРДЫ ЖӘНЕ АДАМДАРДЫ ЖОЙЫП ТАСТАУҒА БЕЛ БУДЫ.
БІРАҚ БІР ҒАНА АДАМ ҚҰДАЙДЫН КӨҢІЛІНЕН ШЫҚТЫ...

"THE BIBLE EXPLAINED IN EVERY LANGUAGE."





SUPERBIBLE.TV